

*Мақасид Әш-Шари'а*  
**туралы түсінік**  
**Қазіргі көзқарас**

UNDERSTANDING

*Maqāṣid al-Sharī'ah*

A Contemporary Perspective



Musfir bin Ali al-Qahtani

ІІТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»

*Мақасид Әш-Шари'а*  
**ТУРАЛЫ ТҮСІНІК**



**ҚАЗІРГІ КӨЗҚАРАС**

**Мүсфир Бин Әли Әл-Қәһтәни**



**Халықаралық ислами ой институты**

Бішкек 2023

УДК 297  
ББК 86.38  
М-91

**Китап демеушілері:**  
**Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)**  
**Херидон Вирджиния (АҚШ)**  
**Білім интеграциясы институты (КИ)**  
**Грузия Тбилиси**

Кітаптың авторы: Мұсфир Бин Әли Әл-Қәһтәни  
Кітапты қазақ тіліне аударған: Абуева Амина: – Б.: 2023  
Кітап редакторы: Қаратаев Ерлан

Бұл кітап авторлық құқықпен қорғалған. Ұжымдық құқыққа рұқсаттық туралы келісімге қолданылатын заңды ерекшеліктер мен ережелерді қоспағанда, кітаптың бірде-бір бөлігі баспагердің жазбаша рұқсатынсыз кез-келген түрде көшіріле алмайды. Бұл кітапта айтылған көзқарастар мен пікірлер автордың көзқарасы және баспагердің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес. Сыртқы және шетелдік веб-сайттар жағдайында баспагер URL мекенжайларының дұрыстығына жауап бермейді және мұндай сайттардағы мазмұнның дәл немесе маңызды болатындығына кепілдік бермейді.

«Ихсан Хайрия» Қоғамдық қоры тарапынан жарыққа шыққан

**Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасының № 66 рұқсатымен расталған**

**Мақасид Әш-Шари'а туралы түсінік: Қазіргі көзқарас (Kazakh)**  
*Мұсфир Бин Әли Әл-Қәһтәни*  
*ИИТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»*

© Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)  
1444 АН/ 2023 СЕ  
*Paperback* ISBN 978-9967-493-27-8

**Understanding Maqasid al-Shariah: A contemporary perspective (Kazakh)**  
*Musfir bin Ali al-Qahtani*  
*ИИТ «Books-In-Brief Series»*

The International Institute of Islamic Thought (IIIT)  
1437 АН / 2015 СЕ  
*Paperback* ISBN 978-1-56564-669-8  
ИИТ  
P. O. Box 669  
Herndon, VA 20172, USA  
www.iiit.org

Барлық құқықтар сақталған

ISBN 978-9967-493-27-8

УДК 297  
ББК 86.38

## Халықаралық ислами ой институтының “Қысқаша кітаптар топтамасы”

ХИОИ қысқаша кітаптар топтамасы – бұл оқырмандарға түпнұсқаның негізгі мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін жинақталған түрде жазылған Институттың негізгі басылымдарының құнды жинағы. Қысқа, оқуға жеңіл, уақытты үнемдемейтін пішімде шығарылған бұл реттілік үлкен көлемді басылымды мұқият қарап шығуды ұсынады және оқырмандарды түпнұсқаны әрі қарай зерттеуге ынталандырады деп үміттенеміз.

«*Мақасид Әш-Шари’а* туралы түсінік: Қазіргі көзқарас» мұсылман үкімдерінің жоғары мақсаттары мен міндеттеріне дәлмедәл келтірілген заңдық сезімді дамытуға шақырады, оның мақсаты – Аллаһ Тағаланың (араб тілінде: الله تعالى) мәтіндерін түсінуде жаңа әдіснаманы әзірлеу, сондай-ақ мұсылман ойларын түрлендіру және оны қолдану.

Автор негізгі мақсаттарды (*әл-мақасид әл-әслийя*, араб тілінде: المقاصد الأصلية) және екінші мақсаттарды (*әл-мақасид әт-тәбийя*, араб тілінде: المقاصد الطائبية) ажыратуды қоса, әр түрлі деңгейлерді түсінудің маңыздылығына назар аударады. Әл-Қәһтәни Шариғаттың мақсаттарын жағымды түсіну мұсылман қоғамдарында адами және мәдени дамудың оң нәтижесін беруі керек деп бекітеді.

Алайда бұл жұмыстың нақты күші автордың жоғары мақсаттарды қолдануында және әртүрлі заң ғылымдары салаларына бағытталған, мысалы, діни үкімдер өндіру және шығару (*ифта’*, араб тілінде: الإفتاء) және маңызды әлеуметтік мәселелер мен мұсылман қоғамдарындағы мәселелер, *экстремизм*, жиһад, (қазақ тіліндегі мағынасы: «ұмтылу» немесе «күресу», араб тілінде: الجهاد) дұрысқа бұйыру және бұрыс нәр-

селерге тыйым салу, әлеуметтік өзгерістер, мұсылман ойының дағдарысы, діни шамадан тыс жағдайларға қарсы тұру, демалу мен бос уақытты өткізу қажеттілігі, азаматтық пен ұлтқа тәуелділік, исламдағы әсемдік мен келісімді тарату және мұсылман әйелдерінің қоғамдағы рөлі.

---

**Мұсфир Бин Әли Әл-Қәһтәнидің қысқаша басылымы**

*МАҚАСИД ӘШ-ШАРИ'А ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ҚАЗІРГІ КӨЗҚАРАС*

ISBN hbk: 978-1-56564-668-1

ISBN pbk: 978-1-56564-666-7

2015-ші жыл

## КІРІСПЕ

Бұл жұмыс – *Мақасид Әш-Шари'а* ғылымын қазіргі қажеттіліктерде қолдануға тырысу. Мұндай тәсілді ислам заңдарының мақсаттарын түсіну қажеттілігін ескере отырып, «мақсаттарды түсіну» деп атауға болады. Осылайша біз алдымыздағы шындықтарды білетін және оларға мұқият бола отырып, басшылыққа алынған өзгеріс пен айқын түрлендіру жасай аламыз.

*Мақасид* арнайы сөзі – бұл көптеген мағыналарды білдіретін *мақасид* сөзінің көпше түрі, оның мағыналары келесі:

- 1) бір нәрсені мақсат ету, оған келу, оған қарай бағыт алу;
- 2) жолдың түзулігі;
- 3) әділеттілік, байсалдылық және шектен шығудан аулақ болу. Содан кейін біз *мақасид* - бұл Шариғат өз үкімдерінде мақсат ететін және ол теңдестірілген, қалыпты жолмен жүретін нәрселер деп айта аламыз.

Барлық қаулылар мен заңдар пайда табуға, зиянды болдырмауға немесе зұлымдықтан, заң бұзушылықтан алыс болуға бағытталған. Қысқаша айтқанда, Шариғат бақыттың жалпы мақсаттарын жүзеге асыруға, заңдылық пен тәртіпті сақтауға және адамзат баласын кемелдікке, ізгілікке және өркениетке жеткізеді. Заңнамада барлығы жеңілдіктерді қамтамасыз етуге арналған. Қысқаша айтқанда, оның мақсаты, жедел немесе ұзақ мерзімді бола ма пайданы іске асыру болып табылады және оның барлық тыйымдары зиян мен зұлымдықтың алдын алуға бағытталған.

Заңды және оның үкімдерінің негіздерін мұқият, индуктивті түрде зерттеу оның осы өмірде де, ақыретте де адамдардың әл-ауқатын арттыратын мақсаттарды растайтындығын анық көрсетеді. Біріншіден, Аллах Тағала (араб тілінде: الله تعالى) бізге Құран Кәрімде көп жерде хабарлағанындай, Ол *Әл-Хәким* (Дана, араб тілінде: الحكيم), және мұндай қасиет Оның үкімдерін мақсатты түрде тағайындауды қажет етеді. Екіншіден, Аллах Тағала (араб тілінде: الله تعالى) бізге Құранда көптеген жерлерде Өзінің мейірімді екенін хабарлайды, сол арқылы ол құлда-

рына олар үшін жаратқан, бұйырған және заң шығарған нәрселерімен мейірімділік танытуға ниетті. Үшіншіден, Аллаһ Тағала (араб тілінде: الله تعالى) бізге «бұны» «осындай себеппен» жасағандығы туралы хабарлайтын көптеген Құран аяттары бар. Төртіншіден, Құран мен Пайғамбарлық (с.ғ.с.) Сүннеттен (араб тілінде: النبوة صلى الله عليه وسلم السنة) алынған бірнеше мәтіндер Шариғаттың белгілі бір жалпы және арнайы мақсаттарын, соның ішінде адамдарға шамадан тыс қиындықтардан құтылу мақсатын түсіндіреді. Бесіншіден, барлық артықшылықтардың өзектілігін қамтитын жалпы мәтіндер бар.

Қисынды дәлелдер де бар. Біріншіден, даналық пен қалаулы мақсаттардан айырылған үкімдерді не істеп жатқанынан бейхабар немесе ондай мақсаттарға жете алмайтын адам ғана жасай алады – бұл, әрине, барлық нәрсені Білетін, әр нәрсеге Құдіреті жететін Аллаһ Тағалаға қолданылмайды. Екіншіден, Аллаһ Тағала (араб тілінде: الله تعالى) құлдарының қамын ойлайды деп айту орынды. Үшіншіден, Аллаһ Тағала (араб тілінде: الله تعالى) адамзаттың жеке басының әл-ауқатына жету қабілеті бар адамзат баласына құрмет көрсетті. Төртіншіден, егер жүйе пайда әкелуді немесе зиян тигізудің алдын-алуды мақсат етпесе, ол іске асырылуға да, үлгі алуға да тұрарлықсыз жүйе болып табылады деп жалпы танылады.

*Мақасид Әш-Шари'а* жіктелуіне үш тәсіл бар. Бірінші көзқарас мүдделер түрлеріне негізделген немесе ислам заңдарын сақтауға арналған артықшылықтар. Бұл әдіс одан әрі *Мақасид Әш-Шари'аны* үш қырға бөледі:

- 1) маңыздылықтар (*мақасид дарурийя*, араб тілінде: مقاصد الضرورية)
- 2) қажеттіліктер (*мақасид хаджийя*, араб тілінде: مقاصد الحاجية) және
- 3) жақсартулар (*мақасид тахсинийя*, араб тілінде: مقاصد تحسينية).

Маңыздылықтар (*мақасид дарурийя*, араб тілінде: مقاصد الضرورية) – бұл тақуа өмірді, жалпы өмірдің өзін мүмкін ететін нәрселер. Имам Әл-Ғазали, Ибн Әбд-Шәкүр, Ибн Әл-Сұбқи және Әл-Фәттүһи (Ибн Ән-Нәджәр немесе қазақша айтуы: *Ән-Нәжәр*) сияқты ғалымдар бұл мақсаттарды: дін (*әд-дин*, араб тілінде: الدين), өмір (*ән-нәфс*, араб тілінде: النفس), ақыл (*әл-'ақл*, араб тілінде: العقل), ұрпақ (*ән-нәсл*, араб

тілінде: النسل) және мүлік (эл-мәл, араб тілінде: المال) деп анықтады. Ислам заңы осы негіздерді сақтауға арналған. «Қажеттіліктер» (мақасид хаджийя, араб тілінде: مقاصد الحاجية) – бұл адамдардың қиындықтарын жеңілдетуге арналған нәрселер, өйткені ислам заңы ғибадатқа, күнделікті әдет-ғұрыпқа қатысты болсын, әлеуметтік және ақшалай әрекеттер немесе қылмыстық жосықтарды ыңғайсыздық пен қиындықты жеңілдетіп алдын алуда негізделген. Демек, бұл жай ғана қолайсыздық тудыратын, адамдарға *ғибадат* әрекеттерін (араб тілінде: العبادات) бұзатын немесе олардың тыныш өмірінде алаңдаушылық тудыратын нәрселер. Маңыздылықтарға қарағанда қажеттіліктердің маңызы аз (мақасид дарурийя, араб тілінде: مقاصد الضرورية).

Жақсартулар (мақасид тахсинийя, араб тілінде: المقاصد التحسينية) дегеніміз, олар адамның тірі қалуы үшін қажет емес болғанымен, өмірді жеңілдетуге және жағымды етуге қызмет етеді. Мысалы, даражандар мен қоғамдардың талғампаз мінез-құлық пен ізгі ақылақты қабылдау өмірдегі мүмкін болатын ең жоғары жолға ұмтылу болып табылады, бұл жол арқылы адамдар өздерінің ішкі кейіпкерлерін де, олардың әрекеттерін де жақсартуға тырысады. Алайда жақсартулар қолданылмаса, ешкім зардап шекпейді немесе қиындықтарға төтеп бермейді. Заңның маңыздылығы оның қажеттілігі мен жетілдірілуіне негіз болады.

*Мақасид Әш-Шари'а* санатын бөлудің екінші тәсілі мәселенің маңыздылығы немесе өзектілігі деңгейіне негізделген және екі түрді одан әрі санаттауға әкеледі. Бірінші тип негізгі мақсаттар деп аталады (эл-мақасид эл-әслийя, араб тілінде: المقاصد الأصلية), яғни Заң шығарушының ең негізгі мақсаттарын қамтитын мақсаттардан тұрады. Неғұрлым іргелі немесе негізгі мақсат іргелілігі аздау мақсатқа қарағанда маңызды қызығушылықты бейнелейді. Бұл жеке маңызды заттардың бірінші тобы (*дарурият айнийя*, араб тілінде: الضرورية أل'عينية) әрбір жеке мұсылманға қажет міндеттерден тұрады. Әрбір жеке мұсылманға өз дінін ілім мен тәжірибе деңгейінде сақтауға, өзінің жанын, өмірі мен ақылын қорғауға бұйырылған.<sup>1</sup>

Бұл бірінші тип – мұсылман қоғамының қоғамдық мүдделерін қорғауға және әлеуметтік тәртіпті сақтауға бағытталған әрекеттерді қамтитын ұжымдық негіздер (*дарурият кифа'ийя*, араб тілінде: الدورية)



الكفاية) деп аталады. Ұжымдық негізгі қажеттіліктерге, мысалы, басшылық лауазымдарды атқаратын жеке және қоғамдық салаларда адамдардың діні мен құқықтарын қорғауға және сақтауға көмектесетін адамдардың жұмысы арқылы қол жеткізіледі.

*Мақасид Әш-Шари'а* бөлінетін екінші тип – бұл екінші дәрежедегі мақсаттар (*әл-мақасид әт-тәбиә*, араб тілінде: المقاصد الطائية), олар алғашқы мақсаттарды жүзеге асыруға көмектеседі. Қосалқы мақсаттар негізгі мақсаттарды бекіту және қолдау деңгейіне қарай үш түрге бөлінеді. Бірінші түріне негізгі мақсаттарды тартымды ету арқылы күшейтетін мақсаттар кіреді. Мысал ретінде ұрпақ өрбіту (негізгі мақсат, араб тілінде: المقصد الأساسي) үшін тағайындалған неке (қосалқы мақсат, араб тілінде: المقصد الإضافي) жатады.

Екінші түріне негізгі мақсаттарды жоятын және осы себепті жарамсыз болып табылатын қосалқы мақсаттар кіреді. Мысал ретінде әйелдің бірінші күйеуімен қайта үйленуіне мүмкіндік беретін неке (*ән-никәһ әт-тәһлил*, араб тілінде: النكاح التحليل) және уақытша неке (*ән-никәһ әл-мут'а*, араб тілінде: النكاح المتعة) болады, олардың әрқайсысы некенің негізгі мақсаттары – бала туу және берік неке байланыстарына қарсы жұмыс істейді. Үшінші түр негізгі мақсатты күшейтпейтін және оны екінші түрдегідей жоймайтын екінші дәрежедегі мақсаттарды қамтиды. Екінші мақсаттың бұл түріне әйел /еркектің байлығын тартып алу арқылы оған (әйел /еркекке) зиян келтіру ниеті бар біреуге үйлену немесе некенің жалғасуына қауіп төндіруі мүмкін, оның тоқтауына кепілдік бермейтін басқа уәждер жағдайы кіреді.

Сонымен, *Мақасид Әш-Шари'аны* санаттаудың үшінші тәсілі заттардың Ислам заңдарының әртүрлі үкімдерін қаншалықты қамтитындығына негізделген. Бұл жіктеу үш бөлімшені береді:

- 1) жалпы мақсаттар (*әл-мақасид әл-'әммә*, араб тілінде: المقاصد العامة)
- 2) нақты мақсаттар (*әл-мақасид әл-хәссә*, араб тілінде: المقاصد الخاصة) және
- 3) ішінара мақсаттар (*әл-мақасид әл-жүз'ийя*, араб тілінде: المقاصد الجزئية). Жалпы мақсаттар - бұл діни заңнаманың барлық немесе

көпшілігінде көрінетін мақсаттар мен міндеттер. Бес маңызды нәрсені – дінді (*әд-дин*, араб тілінде: الدين), өмірді (*ән-нәфс*, араб тілінде: النفس), ақыл-ойды (*әл-’ақл*, араб тілінде: العقل), ұрпақты (*ән-нәсл*, араб тілінде: النسل) және меншікті (*әл-мәл*, араб тілінде: المال) сақтау жалпы Шариғат мақсаттарына кіреді.

Нақты мақсаттар – бұл белгілі бір үкім түріне тән мақсаттар мен міндеттер немесе тығыз байланысты үкімдер жиынтығы, мысалы, *ғибадат* мақсаттары (*мақасид әл-’ибадат*, араб тілінде: مقاصد العبادات), әлеуметтік мақсаттар немесе қаржылық әрекеттер (*мақасид әл-мұ’әмәләт*, араб тілінде: مقاصد المعاملات), немесе қылмыстық заңдардың мақсаттары (*мақасид әл-джинәйт*, араб тілінде: مقاصد الجنایات). Сол сияқты, олар діни заңдардың белгілі бір саласының мақсаттары болуы мүмкін, мысалы, ғұрыптық тазалық (*әт-тәһәрәт*, араб тілінде: الطهارة), сату (*әл-бәйә’*, араб тілінде: البيع) және т.б.

Ішінара мақсаттар – бұл белгілі бір сұраққа немесе мәселеге қатысты мақсаттар. Жалпы мақсаттар мен нақты мақсаттар санаттары жалпы Шариғатқа немесе елгілі бір салаға қатысты барлық жағдайларға қолданылады (мысалы, салттық ластық, қылмыстық құқық және т. б.), ал біз ішінара мақсаттар деп отырғанымызда (*әл-мақасид әл-джуз’ийя*, араб тілінде: المقاصد الجزئية) тек белгілі бір сұраққа, мәселеге немесе ислам заңының үлкен мақсатын шығаруға болатын белгілі бір дәлелге қатысты.

## БІРІНШІ ТАРАУ

### ***Мақасид Әш-Шари'а және оның қазіргі заманғы заңды шешімдер шығару әдістері үшін маңыздығы туралы хабардар болу (Әл-Ифта')***

Мұсылман қауымының үнемі өзгеріп отыратын жағдайларын ескере отырып, *мұфтилерге* (араб тілінде: *المفتيس*), яғни пәтуа шығаруға немесе заңды үкім шығаруға қабілетті адамдарға үнемі қажеттілік туындайды. Алайда, біз пәтуа беретін білікті емес адамдар санының өсіп келе жатқанын көріп отырмыз және «*мұфтилер*» (араб тілінде: *المفتيس*) деп аталатындарға оңай қол жетімділік бар. Сондықтан, мен мұнда пәтуа («кеңестік пікір», араб тілінде: *الفتوى*) шығаруға, әсіресе заманауи мәселелерге байланысты *Мақасид Әш-Шари'ага* қатысты кейбір түсініктемелер ұсынамын.

Ислам заңының мақсаты адамдарға қиыншылықтар мен орынсыз шектеулер қою емес, сондай-ақ олардың барлық тілектерін қанағаттандыруға және кез келген қиыншылығына бағынуға мүмкіндік беру емес. Осыдан кейін менің мақсатым – осы заңның мұсылмандар үшін жеңілдікке жетелейтін тәсілдерін және ақыр соңында осы ізгі мақсатты басшылыққа алатын қағидаларды, үкімдердің қалай шығарылуы керектігін түсіндіру. Осылайша, мен заңның Аллаһ Тағаланың (араб тілінде: *الله تعالى*) қызметшілеріне осы өмірде де, келесі өмірде де беретін пайдасын барынша көбейтемін деп үміттенемін. Төмендегі талқылау *мақасидке* (араб тілінде: *المقاصد*) қатысты түсіндірулерді ұсынады, өйткені олар жеке және қауымдастық деңгейлерінде жаңадан пайда болатын оқиғалар мен жағдайлар туралы *пәтуаларды* («кеңестік пікірлер», араб тілінде: *الفتاوى*) шығаруға қатысты. Экстремизм мен салақтықтан аулақ болу үшін теңдестірілген тәсіл қажет.

*Пәтуа* («кеңестік пікір», араб тілінде: *الفتوى*) беру үдерісі маңызды рөл атқарады. *Пәтуалардың* («кеңестік пікірлер», араб тілінде: *الفتاوى*) мұсылмандардың өміріне тигізетін әсерін және олардың материалдық, яғни заттық немесе мүліктік және рухани деңгейлердегі басшылықты ескере отырып, жаңадан туындайтын жағдайларға пәтуа бергісі келетін адам осы тапсырманы орындауға лайықты болуы

керек. Адамдар, әсіресе біздің қазіргі ерекше шатасулар, асқынулар және тез өзгерістер заманында *мүфтилер* (араб тілінде: *المفتيس*) мен ғалымдарды (араб тілінде: *العلماء*) бейтаныс немесе қорқынышты оқиғаларды, шешілмеген дау-дамайларды немесе күрделі мәселелерді шешу үшін іздейді. Мүфтилер орындайтын атқарымдардың сыни сипатын ескере отырып, олар атқаратын жұмыс қатаң ісережеге бағынуы керек және мұндай жұмыстар оны жеңіл қабылдайтын және оны орындау шарттарын орындай алмайтын адамдарға тапсырылмауы қажет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұсылман қауымына ауыртпалық түскен жағдайда кейбір әрекеттерді жасаудан бас тартты. Алайда, *ифта*‘ (араб тілінде: *الإفتاء*) мектебінде заманауи мәселелерге деген көзқарас пайда болды (исламдық заңды шешімдер шығару үдерісі), бұл жұмсақтық пен жеңілдікке шамадан тыс тірек жасалады. Осы шындықты ескере отырып, көптеген заңгерлер исламды тартымды ету үмітімен заңды шешімдерде мейлінше мейірімділікті талап етеді. Біз нысаншылдықты жеңілдетуге (*әт-тайсир*, араб тілінде: *التيسير*) және жеңілдіктерге жол беруге (*әл-әһд би әт-тәрәххүзи*, араб тілінде: *الاحذ بالترخوص*) назар аудара отырып, белгілі бір шектен шығулардың куәсі болдық, нәтижесінде осы мектептің кейбір заңгерлері белгілі бір исламдық мәтіндерді қабылдамады немесе оларды лингвистикалық немесе құқықтық тұрғыдан дұрыс емес тәсілдермен түсіндірді. Шынында да, Пайғамбар (с.ғ.с.)\* дінге де, оны ұстанушыларға да тигізетін ауыр зақымдарға байланысты надан адамдарға жаңа істер бойынша үкім шығаруға немесе Құранға өз түсініктерін беруге мүмкіндік беру қаупі бар екенін ескертті.

Қазіргі заманғы *ифта*‘ (араб тілінде: *الإفتاء*) саласында бірі қарама-қарсы екі тәсілді табады – қатаңдықпен және сақтықтағы *экстремизм*, ал екіншісі шамадан тыс салақтық. Қатаңдық пен сақтықтың шамадан тыс болуы 1) белгілі бір дінтанулық мәзһабтың пайдасына немесе белгілі бір көзқарастардың немесе жекелеген ғалымдардың пайдасына ымырасыздық алдын ала болжау, 2) діни мәтіндердің үстірт, сөзбе-сөз мағыналарын ұстанумен және 3) *садд әз-зара’и* (араб тілінде: *سد الزرائع*) қағидасына шектен тыс табандылық, яғни тыйымдалған іс-әрекетке әкелуі мүмкін нәрсеге тыйым салу.

\* *Сәлләлләһу гәләйһи уа сәлләм* - «Пайғамбарға (с.ғ.с.) Аллаһ Тағаланың мейірімі мен сәлемі болсын». Пайғамбардың (с.ғ.с.) аты аталған жерде айтылады.

Ымырасыз мінез-құлықтың өнімі – діни жанкештілік. Діни жанкештілік діни түсіндіру мәселелерінде жалғыз және даусыз ақиқатты (араб тілінде: *العقبات*) иемденеді деген қате сенімнен туындайды. Өз кезегінде, бұл сенім тұйықтылықты, өзіне деген шындыққа жанаспайтын жоғары пікірді және қарама-қарсы немесе бәсекелес көзқарас ұстанатын кез-келген адамға дұшпандықты тудырады. Осындай сенімге ие болған құқықтанушы немесе *мұфти* (араб тілінде: *المفتي*) экстремістік әдістемені қолданады және өз көзқарасын, басқаларда өздерінің пайдасына жақсы дәлелдері болса да таңуға тырысады.

Егер заңгерлер рұқсат етілген шешімдеріне мейлінше жұмсақтық танытса, бұл адамдарға орынсыз тыйымдармен ауыртпалық түсіруден гөрі жақсы болар еді. Бұған қол жеткізген мысалды қажылықтан көруге болады. Мекке қажыларының саны үнемі артып келеді, нәтижесінде адамдар көп болады, ыңғайсыздық туады және кейде өлімге әкеледі. Бұл жағдай кейбір ғалымдарды көптеген мәселелер бойынша өз көзқарастарын өзгертуге және шын мәнінде адамдарға қиындықтар мен қолайсыздықтардан құтқару үшін басым ілімдерге қарсы тұруға мәжбүр етті.

Зуль-Хиджаның (араб тілінде: 12, 11 ذو الحجة және 13-іне сәйкес келетін, Құрбан айт мейрамынан кейінгі үш күнде ('Ид Әл-Адха, араб тілінде: *عيد الأضحى*) шәйтанға (а'узу би-ллахи мин аш-шайтан ар-раджим, бисмилләһи раһману раһим! Қазақ тіліндегі мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен қарғыс атқан шайтаннан Алладан пана сұраймын!) (араб тілінде: *بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ، أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ*) малтатас лақтыру рәсімі түске таман басталып, күн батқанға дейін созылған жағдайда заңгерлердің көпшілігі шағылысқан малтатастарды күн батқаннан кейін лақтыру дұрыс емес деп санайды. Осыған қарамастан, бірқатар заңгерлер мен пәтуа билігі тастарды түн жамылғаннан кейін лақтыруға болады деген пікірде, бұл қажыларға күндізгі уақытта болатын адамдардың көп болуынан болатын жайсыздықтан сақтайды. Соңғы жылдары қиыршық тас лақтыруды тек түстен кейін жасау керек деген талаптың туындаған қиындықтарын, ауыртпалықтарын және қолайсыздықтарын ескере отырып, бұл рәсімді түске дейін, әсіресе қажылар үшін орындауға мүмкіндік беруді қарастыру үшін жеткілікті негіз болуы мүмкін. Уақыттың аздығымен зуль-хид-

жаның 12-сінде Минадан кету керек. Қажылық рәсімдері Пайғамбарға (с.ғ.с.) еліктеуге негізделгенімен, қажылардың ыңғайы мен жайлылығы үшін мүмкіндігінше қамтамасыз етілетінін есте ұстаған жөн. Шын мәнінде, Пайғамбардың (Ғ.С.) сахабаларының ізбасарлары (араб тілінде: أصحاب النبي صلى الله عليه وسلم) қатарынан шыққан кейбір жетекші ғалымдар түске дейін малтатас лақтыруға рұқсат беру туралы шешім қабылдады және бұл ханафи заңдық ой мектебі («ханафи мәзһабы құқықтық көзқарас», араб тілінде: المذهب الحنفي للفكر القانوني) қабылдаған үкім. Қазіргі заңгерлер адамдардың пайдасы мен әл-ауқаты үшін өзгеріп отыратын жағдайларға байланысты пәтуа беруі керек.

Дәл сол сияқты, діни мәтіндердің үстірт, сөзбе-сөз мағыналарына хабарлама мен түпкі мақсаттарды тереңірек түсінбей жабысқанда, оның нәтижесі қателік пен бұрмалаушылық болады. Діни құқықтық мәтіндермен жұмыс жасаудың бұл әдісі көптеген заңды әрекеттерге тыйым салуға, білімге қол жеткізудің бірнеше құралдарына тосқауыл қоюға және көптеген адамдарды анық мәтіндерді бұздым деген желеумен исламнан шығаруға мәжбүр етті. Нәтижесі – қолайсыздық пен қиындық. Бұл хариджиттік қозғалысқа ұқсас, оның ізбасарларына, басқаларына, захириттер үшін де қиындықтар тудырды.

*Sadd az-zara'u* (араб тілінде: سد الزرائع) қағидасын талап ету көбінесе *Мақасид Әш-Шари'аға* сәйкес келеді деп шатастырады, өйткені ол Шари'ат құрылған «пайда әкелу және зиян келтірмеу» жалпы қағидасына сәйкес келеді. Алайда, ұқсас мәселе қағиданы шамадан тыс пайдалану пайда болатын пайда есебінен зиянның елестетілген көзін қарастыруға әкелген кезде пайда болады. Нәтижесінде заңгер пайдаға жол ашып, Шариғаттың мақсаттарын байқаусызда бұзуы мүмкін. Бұл құбылыстың мысалдары жүзімді есірткіш ішімдік өндіруден қорқып өсіруге тыйым салуды немесе заңсыз жыныстық қатынасқа түсуден қорқып, көршілерге бір-біріне жақын тұруына тыйым салуды қамтуы мүмкін. Басқа мысалдар әйелдерге үйден тыс жерде жұмыс істеуге тыйым салады немесе өсімқорлықпен айналысуынан қорқып, барлық банкті заңсыз деп жариялайды. Шоғырдың екінші жағында біз шешімдер арасындағы жеңілдету мен оңайлатуды басты назарға аламыз. Мұндай көзқарас келесі айырмашылықтармен ерекшеленеді:

- 1) тіпті бұл белгіленген исламдық заңдық мәтіндерге қайшы келгенді білдірсе де, адам мүддесінің түсінігіне негізсіз сүйену (*масляха*, «қызығушылық», араб тілінде: *مصلحة*)
- 2) бәтуәгерліктерді шамадан тыс пайдалану (*рухас*, «рұқсат құжат», араб тілінде: *الرُّخص*) және бір заң мектебін екіншісімен үйлестіру;
- 3) ислам заңдарының нұсқамаларын заңды түрде жалтару.

*Масляха* («қызығушылық», араб тілінде: *مصلحة*), мәтіндік дәлелдер мен бірауыздылық арасында қарама-қайшылық болған кезде, *масляхаға* («қызығушылық», *масляха*, араб тілінде: *مصلحة*) үлкен салмақ беру керек. Алайда, кейбір заманауи заңгерлер мен мүфтилер, егер бұл пәтуалармен («кеңестік пікірлер», араб тілінде: *فتاوى*) танылған мәтіндік дәлелдерге қайшы келсе де, шамадан тыс тәуелділікке ұмтылады. Мысалдардың бірі – Мысырдың бұрынғы мүфтиі тіпті егер мұндай пайыздар жалған болса да, мұндай пәтуа («кеңестік пікір», араб тілінде: *فتوى*) нақты мәтіндік дәлелдерге қайшы келсе де, банктің пайыздарын алуға болатындығы туралы шығарған пәтуа («кеңестік пікір», араб тілінде: *فتوى*).

Сонымен қатар, Құран мен Сүннетте (араб тілінде: *القرآن والسنة*) қарастырылған заңды жеңілдіктерді пайдаланудың еш айыбы жоқ. Шынында да, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Оның бұйрықтарына бағынуымыз бізге ұнайтыны сияқты, Оның жеңілдіктерінен пайда көруіміз де Аллаһ Тағалаға (араб тілінде: *الله تعالى*) ұнамды», – деген.<sup>2</sup> Алайда, кейбір ғалымдар қай заң мектебі немесе ғалым ең жұмсақ шешім ұсынатынына байланысты белгілі бір түсіндірулерге негізделген жеңілдіктерге барады немесе олардан қарыз алуды көздейтін эклектикалық тәсіл қолданады. Қаулылар қабылдау мәселесінде әртүрлі ұстанымдар бар. Егер бір *мүжтәһидтің* (араб тілінде: *المجتهد*) ұстанымы басқалардың ұстанымынан гөрі жақсы куәландырылған болса, онда қарапайым адам бұл ұстанымды қабылдауы керек. Адамдарға басқа ғалымдардың бәтуәгерліктерін нақты негіздемесіз және ережесіз қабылдауына жол берілмейді. Сонымен қатар, қарапайым адам *мүфти* (араб тілінде: *المفتي*) немесе *мүжтәһид* (араб тілінде: *المجتهد*) өзінің таңдауы бойынша рұқсат етілген деп танылған бәтуәгерліктерді алуға құқылы бола

тұра, *мүжтәһид* (араб тілінде: المجتهد) немесе мүфтидің өзі өзінің зерттеулері мен *ижтиһадына* (араб тілінде: الاجتهاد) сүйене отырып, өз пәтуасын шығаруы керек.<sup>3</sup>

Кейбір зерттеушілер кез-келген таңдаған ғалымның пікірін, ол мәжбүр болған кезде ғана, егер ол өзіншілдік қыңырлығы мен қалауына жетелемесе қабылдауға болады деп қаулы шығарған. Кейбір ғалымдар тіпті қарапайым адамдар тарапынан жеңілдіктерге жетуге тыйым салады. Сонымен, жеңілдікті іздеуге негізделген жұмсақтық әдіснамасы өз қалауына бағынуға бейімділікке әкеліп соқтырады және Шариғат сақтауға арналған тәртіпті бұзады.

Жоғарыда айтылғандай, исламдық заңдардан заңдық түрде жалтару жалқаулық пен шамадан тыс жеңілдік мектебінің тағы бір ерекшелігін қамтиды. Көптеген қазіргі заманғы мүфтилер Заңға сәйкес тыйым салынған әрекеттерді мақұлдау қателіктеріне ұрынды. Мұндай әрекеттерге несиеге сатудың заманауи түрлері (*бәй'-әл-инәти*, «тиімді сату» немесе «қосарлы сату» немесе «үлгілі сату») араб тілінде: بيع العينة), өсімқорлықпен байланысты банктік әрекеттер, адамдарды зекет төлеуден босатудың немесе қарыздарды өтемеуді ақтайтын алдау құралдары және т.б. жатады. Және оларды Шариғат айыптайды.

Заңның ақылақтық тұрғыдан есеп беретін мұсылмандар үшін жеңілдікті және осы ізгі мақсатты басшылыққа алатын қағидаларды қолдайтын тәсілдері бар. Бұл әдістер үкімнің білім мен әділеттілікке негізделгендігіне көз жеткізуді қамтиды. Бұл үшін ғалымдардан осы мәселе бойынша кеңесіп, мұқият қарау керек. Ғалымдар тафсир қағидасы («түсіндіру қағидасы», араб тілінде: المبدأ التفسيري) қолданылатын заңды ұйғарым шығармас бұрын істі нақты, мұқият тексеріп шығулары керек. Бұл тұрғыда қазіргі әлемнің сын-қатерлерін, сондықтан біз өмір сүріп отырған уақыттың табиғатын бейнелейтін туындаған және әртүрлі мәселелерді шешуге арналған еркін пікір алмасу мен ғылыми-техникалық шешімдерді әзірлеумен ерекшеленетін жаңа жағдайларды жүзеге асырудың маңызы зор. Ғалымдар әлсіз куәландырылған жұмсақ көзқарастың пайдасына шешім шығарған кезде барлық тиісті мәтіндік дәлелдер мен қолданыстағы ережелерді келтіруі керек. Ғалымдар берілген әрекетке тыйым салынған деп бағалау кезінде рұқ-



сат етілген баламаны ұсынуы керек. Сондай-ақ, мүфти тиісті заңды баламаларға жол көрсетіп, тыйым салған кездегі ақыл-ой мақсатын түсіндіруге дайын болуы керек.

Құқықтанушы ғалымдар ижтиһадпен («ынтамен», араб тілінде: الاجتهاد) айналысып, заңды үкім шығарған кезде адамның заңды, исламдық тұрғыдан танылған мүдделерін жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін көрсетілген нұсқауларды орындауы керек. Бұл нұсқаулар мүфти:

- (а) адам құқығын ислам құқығының мақсаттарына қосу керек;
- (ә) қарастырылып отырған қызығушылықтың кез-келген исламдық құқықтық мәтінге қайшы келмеуін қамтамасыз ету керек;
- (б) қарастырылып отырған қызығушылықтың талассыз екендігін немесе, ең болмағанда, оның негізділігі туралы сенімді дәлелдердің бар екендігін тексеру керек;
- в) мәселе бойынша қызығушылық әмбебап сипатта екендігіне көз жеткізу керек; және
- (г) осы қызығушылықты қарастыру бұдан да үлкен немесе бірдей маңызды басқа мүдделерге қауіп төндірмейтініне көз жеткізуі керек.

Құқықтанушылар сонымен қатар қиындықтардан/зияннан құтылу қағидасын («қиындықтардан құтылу», *раф әл-харадж*, араб тілінде: راف الحراج) «ақылақтық есеп берушілерге олардың Ислам заңдарының талаптарына байланысты ауыртпалықты үнемдеу»<sup>4</sup> қағидасын сақтауға міндетті, бұл орындалуы мүдделі адамға қатысты ауыр қиындықтар туғызатын кез-келген пәтуа шығармайды. Құқықтанушылар мен мүфтилер берілген мәтінді қолдану қалаған мақсатты жүзеге асыра ма, жоқ па деген мәселені қарастырып, осылайша жұмсақ шешім шығарудың болжанған салдарын ескеруі керек. Сондай-ақ, ғалымдар неғұрлым жұмсақ шешім қабылдау үшін жалпы қабылданған сәйкестік әдет-ғұрыптарын зерттеуі керек. Мұндағы «әдет-ғұрып» сөзі «адамдардың санасына сіңіп қалған түсініктерді және дұрыс ойлар мен бейімділіктер ұнатқан нәрсені» білдіреді.<sup>5</sup> Ақырында, ғалым бір нәрсені білмейтінін айтқан кезде, мұндай мәлімдеме оның ұстанымын төмендетпеуі керек.

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### *Мақасид Әш-Шари'аны мәдени даму арқылы түсіну*

Адамзат өркениеті мен дамуын заңдық тұрғыдан зерттеу (*Фиқһ* («құқықтану», араб тілінде: الفقه) *әл-‘ұмран*, араб тілінде: الفقه العمران) бұрыннан бері назардан тыс қалып келген. Мұсылмандардың мәдениеті мен өркениетінің заңдық негіздерін жақсарту және олардың өз діндеріне деген сенімдерін қалпына келтіру үшін ғалымдардың исламдық құқықтық жүйенің мақсаттарына оралуы және осы мақсаттарға байланысты исламның ережелерін қайта оқып шығуы өте маңызды. Өркениеттік сана-сезімді арттыру үшін бізге адамзат ретінде тек Аллаһ Тағалаға (араб тілінде: الله تعالى) құлшылық ету, жерді қоныстандыру және дамытудың екі жақты міндеттері жүктелгенін әрдайым есте ұстауымыз керек.

Алайда, біз осы салаларда дағдарысқа тап болдық және біздің дағдарысымыздың негізі дінімізді және нағыз діншілдік нені білдіретінін түсінбеуімізден. Біз сондай-ақ қоғамға мүшелікке байланысты құқықтар мен міндеттерді ажырата алмаймыз. Хабардарлық (*ya'u*, араб тілінде: وعي) – бұл сарамандық деңгейде жүзеге асыру үшін қажет нәрсені қисынды және түйсікті түрде түсіну.

Аллаһ Тағала (араб тілінде: الله تعالى) құрылыста, қорларды пайдалану мен құралдар мен жабдықтар шығаруда үлкен жетістіктерге жеткен, бірақ Оның бұйрықтарын теріске шығарған халықтарды [яғни Құранда айтылған ‘Әәд және Сәмүд өркениеттерін, араб тілінде: حضارات عاد وثمود] айыптайды. Бұл адамдардың ішкі қырының құлдырауы тіпті олардың жойылуына әкелді. Қоғамдық мекемелер өркениетті адам баласын дамыта отырып, ұғымнамалық, мінез-құлықтық және материалдық, яғни заттық немесе мүліктік түрлендірулер арқылы ақылақтық және материалдық, яғни заттық немесе мүліктік ілгерілік пен жаңару үдерісін алға жылжыту арқылы жетілдіруге міндетті. Даражандар өздерінің осы әлемдегі орны туралы көбірек хабардар болуға тиіс.

Қоғамдарды талдау әдісі және жеке/ұжымдық қайта құрудың себептерін зерттеу – бұл қажетті өзгерістер мен түрлендірулермен әлеумет-

тік дағдарыстарды шешуге ықпал ететін ең тиімді құралдардың бірі. Ибн Хәлдун әлеуметтануының тұжырымдамасына сүйене отырып, мен Ибн Хәлдун байқаған себеп-салдарлық байланыстарға назар аударғым келеді және бұл қарым-қатынасты қоғамның қазіргі құлдырауын жеңу және болашақтың белгісіздігін жеңу үшін сарамандық тетіктерге қалай айналдыруға болатындығын сұраймын. «Қоғамдық даму заңының» мақсаты – іс-әрекеттің қозғаушы күші ретінде заң ғылымы мен әрекетті түзету және орынды әрекетті көрсететін қоғамдық түсінік арасындағы байланысты қалпына келтіру.

Фихх («құқықтану»), араб тілінде: الفقه) ғылымының осы тармағының бес айрықша ерекшелігі бар:

- 1) Аллаһ Тағала (араб тілінде: الله تعالى) адамдарды Жаратушысына құлшылық ету және оған қызмет ету үшін және жерді дамытып, гүлдендіру үшін жаратқан;
- 2) Ислам заңдарының ең негізгі мақсаттарының бірі – жерді толтыру және жерді өңдеу адамзатқа пайдасын тигізетін әдіс;
- 3) осы заңның кейбір талаптары жекелеген мұсылмандарға емес, бүкіл мұсылман қауымына, оның барлық мүшелеріне ауыртпалық түсірмей, бүкіл қоғамдастыққа пайда келтіру мақсатында бағытталғандығы;
- 4) мұсылман қауымына әлемде қалған басқа адамдар алдында сөздерде де, іс-әрекетте де ізгі істерді көрсету арқылы және барлық жағынан байсалдылық жолымен жүру арқылы шындыққа куәлік ету міндеті жүктелгені; және
- 5) діни ұстамдылық жолымен жүру жердегі, материалдық, яғни заттық немесе мүліктік әл-ауқат пен рухани өркендеу арасындағы тепе-теңдікке әкеледі.

Ибн Хәлдун: «Өркениет – бұл [шынайы] дамудың жемі» деген.<sup>6</sup> Бұл қоғамдың материалдық, яғни заттық немесе мүліктік даму, молшылық пен сән-салтанат деңгейіне жеткен кезінде пайда болады, ол бір артықшылық таптың қатарына еніп ақылақтық құлдырауға, әлеуметтік ыдырауға және ұлттық байлықты ысыраптауға әкеледі және өз кезегінде, мемлекеттің құлдырауына әкеледі.<sup>7</sup> Адамзаттың заң ғылымдары, банк, медицина, саясат және адам әрекетінің басқа салалары сияқты салаларда алға жылжу кезінде мұсылман қоғамдары қажет ететін заң ғылымына жаңа көзқарастың бір бөлігі болып табылады.

Алайда, қаншалықты үлкен мақсат болса да, оны жүзеге асыруға тағайындалған адамдар өз міндеттерін терең түсінбесе және өз жұмысын тиісті ноу-хау әдісісіз (ағылшын тілінде: *know-how method and/or know-how technology* «қалай істеу/жасау екенін білемін» әдісі және/немесе «қалай істеу/жасау екенін білемін» технологиясы) бастаса, ешқашан сәттілікке жете алмайды. Сондықтан мұсылмандар арасында исламның негізгі идеяларын қайта жандандыру қажет, содан кейін олардың идеялары ойларына берік енуі керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл рөлді Мәдинада бүкіл өркениетті қозғалысқа бастаған кезде жүзеге асырды. Бұл даму соңғы бірнеше ғасырларда мұсылман әлемінде баяулады. Демек, адамзат дамуының заң ғылымдарының негізін қалаудағы біздің мақсатымыз – мұсылмандардың хабардарлығын қалпына келтіру және осылайша оларға әлеуметтік және мәдени түрлендірулермен өзгерістерді жүзеге асыруға қажетті серпін беру.

